

1. Ерюхина И. А. Хирургические инфекции. Руководство / И.А. Ерюхина, Б.Р. Гельфанда, С.А. Шляпкина. - М. - 2003. - 854 с.

2. Савельева В. С. Хирургические инфекции кожи и мягких тканей. Российские национальные рекомендации / В.С. Савельева. - М. - 2009. - 89 с.

Тұжырым
ЖҰМСАҚ ТІНДЕРДІҢ ІРІНДІ ЖАРАЛАРЫН ЕМДЕУДЕ «ВОКАДИН»
ЕРІТІНДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
Ж.С. Спатаев, Б.Е. Ибраев, Ж.К. Айсін, С.Д. Пан
Астана қаласындағы Республикалық жедел жәрдем көрсету ғылыми орталығы
АҚ «Астана Медициналық университеті»

Жүргізілген зерттеулер жұмсақ тіндердің іріңді жараларын емдеуде 10% «Вокадин» ерітіндісін қолданудың өте тиімді екендігін және хирургиялық тәжірибеде оны кеңінен қолдану қажеттігін көрсетті.

Summary
EFFICIENCY OF USE OF THE DRUG "WOKADINE" IN THE TREATMENT
OF PURULENT WOUNDS OF SOFT TISSUES
Zh.S. Spatayev, B.E. Ibrayev, Aisin Zh.K., Pan S.D., K.E. Berikhanova
National Science Center medical emergency, Astana
Medical University of Astana, Astana

This study demonstrates a high efficiency of the antiseptic drug "Wokadine" in the treatment of inflammatory processes of the soft tissues and the necessity for its wider use in surgical practice.

ӘОК 616.381-002.-089.168:615.456

А.Н. Орманов, Д.А. Қабылов, Ғ.Е. Сармаш, Р.М. Оспанов, Е.Б. Жантеев

ОҚМФА, хирургиялық пәндер кафедрасы;

Шымкент қалалық жедел медициналық көмек көрсету ауруханасы;

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, хирургия, анестезиология және реанимация кафедрасы; Шымкент қаласы.

ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ПЕРИТОНИТ КЕЗІНДЕ ЛИПИДТЕРДІҢ АСҚЫН ТОТЫҒУ ӨНІМДЕРІ
МЕН АНТИТОТЫҚТЫРҒЫШ ЖҮЙЕ ИНТЕГРАЛДЫ КОЭФФИЦИЕНТІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Түйіндеме

Мақалада интегралды коэффициентті қолдану арқылы эксперименталды перитонит кезінде биоорталарда дамиды ЛАТ-АТЖ өзгерістерінің дәрежесін зерттеу нәтижелері талданған.

Негізгі сөздер: эксперименталды перитонит, интегралды коэффициент, антиототықтырғыш жүйе, липидтердің асқын тотығыуы.

Мәселе өзектілігі. Қазіргі уақытта іріңді-қабынулық дерістерді зерттеу ағзаның көптеген патологиялық реакцияларының негізін құрайтын, биомембраналардың дестабилизация механизмдерін анықтаусыз мүмкін емес. Соңғы жылдар зерттеулері барысында эндотоксикоз ауырлығы көбінесе ағзаның антиототықтырғыштық жүйе (АТЖ) қорғанысының күрт тежелуі фонындағы липидтердің асқын тотығу (ЛАТ) интенсивтілігімен анықталатын, түрлі патологиялық жағдайлар, соның ішінде перитонит кезінде дамиды морфофункционалды өзгерістер механизмдерінде ағзаның АТЖ және ЛАТ үдерістерінің ролі анықталды [1,2,3].

Зерттеу мақсаты. Осыған байланысты біздің жұмысымыздың мақсаты болып интегралды коэффициентті (ИК) қолдану арқылы эксперименталды перитонит кезінде биоорталарда дамиды ЛАТ-АТЖ өзгерістерінің дәрежесін анықтау.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Эксперименттік зерттеулер 20 шиншилла типті қояндарға жүргізілді. Олардың салмағы 3-3,5 кг-ға тең болды. Эксперименталды перитонит қояндардың құрсағына R-210 типті тірі стафилококктың мәдениетін енгізу арқылы жүзеге асырылды: 10% кальций

хлоридінің 5 мл құрсақ ішіне ендіргеннен кейін екі сағаттан соң 12×10^9 микробтық жасушаларды енгіздік. Бір тәуліктен кейін 95% қояндарда экссудатты перитониттер дамыды.

Эксперименталды перитонит кезіндегі жануарлар қанының ЛАТ-АТЖ интегралды коэффициенті келесі формула арқылы есептелінсе:

$$ИК = \frac{ХЛУК_1 + ДК_1 + МДА_1 СОД_1 + КТ_1 + ГР_1 + АРБ_1 + АТБ_1}{ХЛУК_6 + ДК_6 + МДА_6 : СОД_6 КТ_6 ГР_6 АРБ_6 АТБ_6} \cdot \frac{3}{5}$$

Перитонеалды экссудаттың ЛАТ-АТЖ интегралды коэффициентін анықтау үшін төмендегі формула қолданылды:

$$ИК = \frac{ХЛУК_1 + ДК_1 + МДА_1 ЦП_1 + АРБ_1 + АТБ_1}{ХЛУК_6 + ДК_6 + МДА_6 : ЦП_6 АРБ_6 АТБ_6} \cdot \frac{3}{3}$$

мұндағы:

ХЛУК – хемилюминесценттік уыттану көрсеткіші,
 ДК – диенді конъюгат, МДА – малонды диальдегид,
 СОД – супероксиддисмутаза, КТ – каталаза,
 ГР – глутатионредуктаза, АРБ – антирадикалды белсенділік, АТБ – антиототықтырғыш белсенділік,
 ЦП – церулоплазмин, Т – тәжірибелік топ, Б – бақылау тобы.

Зерттеу нәтижелері. Эксперименталды перитонит кезінде биологиялық орталарда (жануарлар қанында, перитонеалды экссудатта) липидтердің еркін радикалды асқын тотығу үдерісінің үдеуіне байланысты биологиялық сұйықтардың хемилюминесценттік көрсеткіштері жоғарылап, липидтердің асқын тотығу

өнімдерінің мөлшері артып, антиототықтырғыш жүйенің белсенділігі төмендеуі нәтижесінде жануарлар қанындағы және перитонеалды экссудатындағы ЛАТ-АТЖ интегралдық коэффициентінің өзгерістері төмендегідей болды (кесте).

Кесте.

Эксперименталды перитонит кезінде биоорталардағы липидтердің асқын тотығу өнімдері мен антиототықтырғыш жүйе интегралдық коэффициентінің өзгерістері.

Зерттеу топтары және уақыты	Интегралдық коэффициент		% бойынша өзгеруі	
	Қан	Перитонеалды экссудат	Қан	Перитонеалды экссудат
Бақылау тобы	1,0±0,04	1,0±0,05	100	100
1 тәулік	1,91±0,13 p<0,01	2,53±0,08 p<0,01	191	253
3 тәулік	2,48±0,19 p<0,01 p ₁ <0,01	3,86±0,27 p<0,01 p ₁ <0,01	248	386
5 тәулік	3,79±0,20 p<0,01 p ₁ <0,01 p ₂ <0,05	7,1±0,42 p<0,01 p ₁ <0,01 p ₂ <0,05	379	710
10 тәулік	2,49±0,12 p<0,01 p ₁ <0,01 p ₂ <0,05 p ₃ <0,05	3,56±0,24 p<0,01 p ₁ <0,01 p ₂ <0,05 p ₃ <0,05	249	356
Нұсқама: p – бақылау тобының көрсеткішімен салыстырғандағы, p ₁ – бірінші тәуліктегі көрсеткішпен салыстырғандағы, p ₂ – үшінші тәуліктегі көрсеткішпен салыстырғандағы, p ₃ – бесінші тәуліктегі көрсеткішпен салыстырғандағы дәлдік коэффициенттер				

Кестеден көрінетіндей эксперименталды перитониттің бірінші тәулігінде қандағы ЛАТ-АТЖ интегралдық коэффициенті бақылау тобымен салыстырғанда 91%-ға жоғарыласса, перитонеалды экссудатта оның мәні 153%-ға артты. Бұл көрсеткіштің ең үлкен мәні эксперименталды перитониттің бесінші тәулігінде анықталды: бұл мерзімде интегралдық коэффициенттің деңгейі қанда 37,9%-ға, ал перитонеалды экссудатта 71,0%-ға жетті. Оныншы тәулікте интегралдық коэффициент біршама төмендеді, бірақ бақылау тобымен салыстырғанда қанда және перитонеалды экссудатта 14,9%-ға және 25,6%-ға сәйкес жоғары деңгейде болды.

Қорытынды. Сонымен, жануарлар қанында және перитонеалды экссудатында интегралдық коэффициенттің жоғарылауы липидтердің еркін радикалды асқын тотығу үдерісінің үдейтіндігін және антиототықтырғыш жүйе белсенділігінің төмендейтінін және олардың ара-қатынасы бұзылу тереңдігін

көрсетеді. Аталған өзгерістердің максималды деңгейі зерттеудің бесінші тәулігінде анықталды. Алынған мәліметтер ғылыми әдебиеттерде кездесетін деректерді толықтырады және перитонитті операциядан кейінгі кезеңде емдеудің жаңа ұтымды жолдарын қарастыруға жол ашады.

Әдебиеттер:

1. Струков А. И., Петров В. И. и др. Острый разлитой перитонит. - М: Медицина, 1987. - С. 285.
2. Орманов Б. Н., Орманов А. Н. Метаболизм пероксидных соединений липидов и антиоксидантной системы при экспериментальном перитоните // Современная медицина и онкология: Сборник научных трудов посвященный 10-летию кафедры онкологии и маммологии ЮКГМА – Шымкент, 2004. - С. 170-173.
3. Ozmen V. et al. Am. Surg. - 1993. - Vol. 59 (5). - P.297-303.

Резюме

ИЗМЕНЕНИЯ ИНТЕГРАЛЬНОГО КОЭФФИЦИЕНТА ПРОДУКТОВ ПЕРЕКИСНОГО ОКИСЛЕНИЯ ЛИПИДОВ И АНТИОКСИДАНТНОЙ СИСТЕМЫ ПРИ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОМ ПЕРИТОНИТЕ

А.Н. Орманов, Д.А. Кабылов, Г.Е. Сармаш, Р.М. Оспанов, Е.Б. Жантеев

ЮКГФА, кафедра хирургических дисциплин; Больница скорой медицинской помощи г. Шымкент;

МКТУ имени К.А. Ясави, кафедра хирургии, анестезиологии и реаниматологии, г. Шымкент

Максимального значения интегральный коэффициент перекисного окисления липидов – антиоксидантной системы при экспериментальном перитоните достиг на пятые сутки заболевания и увеличился в 3,79 раза в крови и 7,1 раз в перитонеальном экссудате по сравнению с контрольной группой.

Summary

CHANGING OF INTEGRATED FACTOR OF LIPID PEROXIDATION PRODUCTS AND ANTIOXIDANT SYSTEMS AN EXPERIMENTAL PERITONITIS

A.N. Ormanov, D.A. Kabilov, G.E. Sarmash, R.M. Ospanov, E.B. Zhanteev

SSFA of Kazakhstan. Chair of surgery, EHH of Shimkent city.

IKTU of K.A. Yasavi. Chair of surgery, anesthesiology et reanimatology.

The integrated factor of lipid per oxidation -antioxidant systems at an experimental peritonitis has reached maximal value for the fifth day of disease and has increased in 3,79 times in blood and 7,1 times in peritoneal exudates in compare with control group.